

АВТООНДІРІСТЕГІ ОҢ ЖАҢАЛЫҚ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҮШ АУЫСЫМДА ОҚИТЫНДАР АЗАЯ МА?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТАҢҒАЖАЙЫП ТАСТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақстан – балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есеп-шотына түсіп жатыр.

№16
(4760)
Сейсенбі
11 ақпан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, жалақының медианалық мәні (жалақы қатарының орталық деңгейі) 2024 жылғы IV тоқсанда бағалау бойынша 308 717 теңгені құраған.

Шағын кәсіпорындарды есепке алмағандағы атаулы жалақының орташа мәні 2024 жылғы IV тоқсанда 434 982 теңгені құраған. 2023 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда өсім 10,5 пайызға, нақты мәнде 1,8 пайызға өскен. «IV тоқсанда орташа жалақы мөлшерінің өсуі жыл қорытындысы бойынша берілетін қосымша төлемдер мен мерекелік сыйақылар есебінен еңбекақы қорының ұлғаюымен байланысты» деп түсіндірді Ұлттық статистика бюросының өкілдері.



Биыл қазақстандықтар наурыз айында 14 күн демалатын болады.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесі сенбіге сәйкес келуіне байланысты демалыс 10 наурыз дүйсенбіге ауысады. 5 күндік жұмыс аптасы үшін 8, 9, 10 наурыз – демалыс болады.

6 күндік жұмыс үшін 8, 9 наурыз – демалыс болса, 10 наурыз – жұмыс күні. Наурыз мейрамында аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер 5 күн демалады. 6 күндік жұмыс аптасы үшін 21, 22, 23, 24 наурыз – демалыс, 25 наурыз жұмыс күні болып белгіленді.



БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛІМ БАР

Биыл Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Астана қаласындағы Достық үйінде 23 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Бұл ұжымдар елімізбен елордадағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға орасан үлес қосып келеді.

Астанада Жұмысшы мамандықтарының жылы аясында 11-15 ақпан аралығында «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі өтеді.

Фестиваль аясында түрлі семинарлар мен шеберлік сыныптары, мұнай және энергетика салаларындағы тақырыптар бойынша хакатондар, мамандықтар шеруі, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, стартап жобалардың таныстырылымы, машина жасау бойынша шеберлік сыныптары, концерттер, халықаралық аккредиттелген техникалық және кәсіптік оқыту курстары және тағы басқа көптеген іс-шаралар өтеді.

Фестивальге кіру тегін. Күн сайын сағат 10:00-ден 18:30-ға дейін ашық. Мекенжайы: EXPO халықаралық көрме орталығы, Мәңгілік ел көшесі, 53/1



АЗИАДА-2025: АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Қытайдың Харбин қаласында өтіп жатқан қысқы Азия ойындарында қазақстандық шорт-трекшілер Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы алтын медальді түсірді.

Құрамында Абзал Әжіғалиев, Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Мерсаид Жақсыбаев, Айбек Насен және Глеб Ивченко сынды спортшылар өнер көрсеткен Қазақстан командасы 5 000 метрлік эстафета жарысында мәре сызығын бірінші болып кесті.

Финалдық жарыста қазақстандық спортшылар жоғары жылдамдық пен тактикалық шеберлік көрсетіп, Корея, Жапония және Қытай командаларын басып озды.

Бұл жеңіс Азия ойындарындағы тарихи жетістік болды, өйткені бұған дейін қазақстандық шорт-трекшілер құрлық ойындарында чемпион атанбаған еді.

Азиада ойындарындағы жүлделер көрсеткіші бойынша Қазақстан құрамасы (1 алтын, 4 күміс, 2 қола) әзірге төртінші орында келеді.

№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі



КЕЛЕШЕК ҰШҚЫР, БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа адамдар» жастар форумына қатысып, сөз сөйледі. Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған игі істері мен азаматтық бастамаларын таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Қозғалыс елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, кәмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік кеселдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық әрі белсенді білдіріп жүр.

Мемлекет басшысы форумға жиналған жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді. «Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі – ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды. «Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйретін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға қарата айтқан сөзінде отаншылдық сезімге, қоғамда «Заң мен тәртіп» үстемдігін орнатудың маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәніне тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс. «Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақстан – балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кәмелет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі – мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Біздің жетістіктеріміз баршылық. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына немесе колледжге грантқа түсу мүмкіндігі зор. Соңғы жылдары грант санын айтарлықтай ұлғайттық. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуда. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосады. «Президенттік жастар кадр резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тың серпін берді. Осы жерге жиналған білімпаз, отаншыл жастар мәслихаттың немесе Парламенттің құрамына кіретініне, тіпті Үкіметте жұмыс істейтініне кәміл сенемін. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән беріледі. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылған. Бұл балалар мен жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың бір парасы ғана» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде заман талабына сай білікті мамандар өте көп: мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар, инженерлер, өнеркәсіптегі жұмысшылар және басқа да мамандар бар. Қазақстан жастары креативті индустрияда да көптеген табысқа жетіп жатыр. «Сондай дарынды азаматтардың арқасында бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанды талантты әрі еңбекқор адамдардың елі деп танитын болды. Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді. Қазір арнайы қор құрылып жатыр. Ол әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындарына қатысты жобаларды жүйелі түрде қолдаумен айналысады. Жастардың қарым-қабілетін көрсетуіне бұл да бір керемет мүмкіндік. Ең бастысы, адал еңбек етіп, адал табыс табу, яғни адал азамат болу. Биыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы». Біз қоғамда еңбек адамының абырой-беделін көтеріп жатырмыз. Еңбек культін қалыптастыру – аса маңызды міндет. Кез келген жұмыс – қадірлі. Әсіресе, жұмысшы мамандықтарын игерген жастарымыз зор құрметке лайық» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанды көркейту қастерлі парыз екенін атап өтті. Берекелі бірлік пен жастардың жасампаздық қуатының арқасында Әділетті Қазақстанды бірге құратынымызға сенім білдірді.

Форумда «Жаңа адамдар» жастар қозғалысының Алматы кампусының жетекшісі Владимир Изюмников, қозғалыстың баспасөз хатшысы Алпамыс Әбілов, «Тұмар» азаматтық науқанының жетекшісі Ғалия Тузен, «Халық қаһары» азаматтық науқанының жетекшісі Әлихан Сәрсенов, «Antitrash» азаматтық науқанының жетекшісі Бауыржан Аманов сөз сөйлеп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформаларға қолдау білдірді.



ЕЛОРДА БАҒЫТЫНА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Ақмола облысына жұмыс сапары аясында Қосшы қаласын дамытудың бас жоспарымен танысып, өңірде әлеуметтік инфрақұрылым құру бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың барысын тексерді. Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Премьер-министрді өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы хабардар етті.

Қазіргі уақытта қалада ресми түрде 59 мыңға жуық адам тұрады, бұл ретте бағалау деректері бойынша тұрғындардың нақты саны 100 мыңнан астам адамды құрайды. 30 мың тұрғынға есептелген инженерлік желілерге айтарлықтай үлкен жүктеме түсуде. Болжам бойынша, халық саны 2038 жылға қарай 150 мыңға дейін өседі. Жаңа бас жоспар аумақты кеңейтуді, жаңартылған қызмет көрсету аймақтарына бөлуді, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымын жаңғыртуды көздейді. Қосшы әкімі Азамат Қапышев Үкімет басшысына қаланың тұрғын үй қорын кеңейту, жаңа әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар ашу, сауықтыру аймақтарын дамыту және тағы басқа да жоспарланған шаралар туралы баяндады.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және қосымша қуаттарды құру мақсатында жаңа қазандық, қосалқы электр стансасы мен ЭБЖ, сумен жабдықтау, тазарту құрылыстары және басқа да нысандар салу көзделген. 2024 жылы «Сары-Арқа» магистралды газ құбыры арқылы қаланы көгілдір отынмен қамту жұмыстары басталып, 2026 жылы аяқталады. Бұдан басқа, өндірістік және коммуналдық кәсіпорындарға арналған алаңдар салынады. Өнеркәсіпті дамыту және қаланың солтүстік-батыс бөлігінде жаңа жұмыс орындарын құру үшін жалпы ауданы 264 га индустриялық аймақ ашу көзделген. Елордаға апаратын жол салу жоспарлануда.

ИСЛАМНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ұйымдастырған «Ислам және отбасы құндылығы» тақырыбындағы конференцияға қатысты.

«Қазақстандағы отбасылық құндылықтар халықтың мәдени және әлеуметтік ерекшелігінің маңызды бөлігі екені ақиқат. Өркендеген қоғамның негізі – үлкенге құрмет, болашақ ұрпаққа қамқорлық және отбасылық қатынастағы үйлесім болып табылады. Отбасы дәстүрін сақтау, оларды жаңа жағдайға бейімдеу үшін қазіргі заман қиындығы мен құбылған кезеңдегі ахуалды ескеру маңызды. Біздің еліміздегі отбасы – ол халықтың тарихы мен дәстүрімен тығыз байланыста бола отырып, дамуды жалғастыратын әлеуметтік құрылымның маңызды бөлігі» деді жиында сөйлеген сөзінде Нұртөре Жүсіп.

Сенатор рухани сарапшылар және іс-шараны ұйымдастырушылармен талқылау барысында исламдағы отбасының рөлін атап өтті. Ол отбасы ислам бойынша моральдық тәрбие мен әлеуметтік тұрақтылықтың негізі ретінде саналатынын атап өтті. Қазақстанда ислам негізгі діндердің бірі болып табылады және отбасылық құндылықтар көбінесе ислам ілімінің қағидалары арқылы қалыптасады. Бұл жағдайда балаларға қамқорлыққа, қарым-қатынастағы адалдық пен әділеттілікке, сондай-ақ ерлі-зайыптылар арасындағы өзара сыйластыққа баса назар аударылатыны маңызды. Осы құндылықтар отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас пен болашақ ұрпақ тәрбиесіне әсер етеді.



«Қазақстандағы отбасы құндылықтарында ислам әсерінің тамыры терең және ғасырлар бойы қоғамдық қатынастарда өзіндік орны бар. Қазақтың неке мен бала тәрбиесі және үлкенге құрметке қатысты көптеген дәстүрлі әдет-ғұрпы ислам ілімімен тығыз байланысты. Сондықтан, ислам қағидалары мен көшпелі өмір салтындағы осы құндылықтар үйлесім таба отырып, қазақ мәдениетінің ерекшелігіне бейімделді» деп атап өтті Нұртөре Жүсіп.

Сенатор сөзінің түйінінде отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған конференция өткізудің маңыздылығын атап өтті. Ол мәдениетті сақтау мен өзгерістерге бейімділік арасындағы тепе-теңдікті сақтауда бұл құндылықтар күшті және үйлесімді қоғамды қалыптастыруда маңызды болып қала беретінін атап өтті.

№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі

ИНВЕСТОРЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек инвестициялық штаб отырысының қорытындысымен бөлісіп, қала экономикасы үшін жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалар туралы атап көрсетті.

«Қаланың дамуына жеке инвестициялар тарту жұмысын жалғастырамыз. Мәселен, 2024 жылы қала экономикасына 1,9 трлн теңге инвестиция тартылды, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 13%-ға артық. Елордада өнеркәсіп өндірісінің өсуі 6,7%-дан асып, 2,5 трлн теңгеге жетті, ал өңдеу өнеркәсібіндегі өсім – 9,8%.

Инвестштабтың отырысын өткіздім, онда инвесторлардың бірқатар ұсынысын қарадық. Мысалға, электровоздарға қызмет көрсету жөнінде сервистік орталықтың, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу кешенінің, көпдеңгейлі паркингтердің, сондай-ақ болат құбырлар, бұранды кабельдер және автоклавты газ-бетон әзірлеу зауыттарының құрылысы қамтылған жобаларды қарастырдық.





Мысалы, «M Clinic» компаниясы көпсалалы клиниканың құрылысы бойынша жобаны таныстырды, франциялық ALSTOM компаниясы электровоздарға қызмет көрсету бойынша сервистік орталық салуды жоспарлап отыр. Орталық 250 жүк және 119 жолаушы электровозына қызмет көрсетеді.

Ұсынылған жобалар бойынша инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 215 млрд теңгені құрайды. Оларды жүзеге асыру мерзімі 2025 жылдан 2030 жылға дейінгі кезеңге белгіленді. Бұл жобаларды іске асыру тұрақты жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Өңірлік инвестициялық штаб отырыстарын тұрақты негізде өткізіп тұрамыз. Біз әрбір жобаны жеке-жеке қарастырып, инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетеміз» деп жазды Instagram парақшасында Жеңіс Қасымбек.

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР АУҚЫМЫ

Өткен аптада Астана қаласы мәслихатында жұмыссыздықты азайту бойынша қала әкімдігі мен оның құрылымдарының жұмыс нәтижесін қарадық.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жұмыссыздарды қолдау үшін 3 негізгі бағытты іске асыруда: «Бақытты отбасы» оқу орталығы көпбалалы аналарға тігіншілік курстарын ұйымдастырып, әкімшілік 700 м³ аумақ бөліп, оқу мен жұмыс орнын қамтамасыз етті. «Ma Belle» сұлулық салоны мемлекеттен 1,5 млн теңге грант алып, 5 адамды жұмысқа орналастырып, салық төлеуде. «Мадали» сән салоны 2023 жылы 59 адамға шаштараздық курстарын өткізіп, барлығын жұмысқа орналастырды, әр бітіруші үшін әкімшілік 50 мың теңге көмек көрсетті. Бұл жобалар жұмыссыздықты азайтудың нақты әдістері ретінде қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етуде.

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек ұтқырлығы орталығы» қызметіне арналған мәслихат отырысында жұмыспен қамту шаралары қаралды. Жұмыссыздық деңгейі 4,4%-ды құрап, есепте 14 492 адам тіркелген. Олардың басым бөлігі – 35 жасқа дейінгі жоғары білімді әйелдер. 2024 жылы 23 343 адам жұмыспен қамтылып, оның 13 701-і – жастар. Қоғамдық жұмыстар, жастар тәжірибесі, «Күміс жас» жобасы, қысқа мерзімді оқыту және бизнес-идеяларға гранттар іске асуда. Депутаттар жұмыссыздықты төмендету, кәсіптік білім беруді жетілдіру мәселелерін көтерді. Жиын қорытындысы бойынша қаулы қабылданып, бақылауға алынды.

Кендебай АДАМБЕК,
Астана қаласы мәслихатының депутаты

ҚАР ШЫҒАРУ ТОЛАСТАМАЙДЫ



Қыстың соңғы айында қар қалың түсті. Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс жүруде. Олар күн сайын қаладан ондаған мың текше метр қар шығаруда.

10 ақпанда күндізгі ауысымда қар тазалау жұмысына 2 627 жол жұмысшысы және 1 300-ге жуық арнайы техникамен елордадан қар полигондарына 1 951 рейспен 26 мың текше метр қар шығарды.

Қыс мезгілінің басынан бері 448 192 ауыр жүк рейсімен қаладан 5,4 млн текше метрден астам қар шығарылды.

Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалысы өте қарқынды көшелер мен даңғылдар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т.б. қардан тазартылуы тиіс. Орталық көшелерді, жолаушылар көлігі маршруттары жүретін орындарды, аялдамалар мен тротуарларда тазалау да басымдыққа ие.

Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарларға шықпауды сұраймыз.

Төтенше жағдай туындаған кезде «112» нөміріне хабарласыңыз.

Елордада «Менің аулам» челленджі бастау алып, Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры «Менің аулам» челленджін ортаға тастады.

АУЛАҢ ТАЗА МА?

Өнер ұжымы ауланы таза ұстауға, отбасы мүшелерін бір ортақ іске жұмылдыруға, балалардың бойында қамқорлық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған іс-шараны жалғастыру үшін Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымына жолдап, тазалық пен жауапкершілік дәстүрін насихаттайтын челленджді жалғастыруға үндеді.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында осындай игі істі бастаудағы мақсатымыз – мәдениет мекемелері ұжымдарының аулаларды тазалап қана қоймай, өз отбасымен бірге пайдалы уақыт өткізуіне, сонымен қатар жас ұрпақты да жауапкершілікке, еңбекке баулуға үндеу. Біз челленджді ұйымдастыру негізінде отбасы институтын дамыту, оның ішінде балаларға тәрбие беру сияқты аспектілерді қарастыруды ұйғардық. Жалпы, бұл игі істі әр жұма сайын бір мәдениет мекемесі қолдайтын болады. Мәселен, «Менің аулам» челленджін келесі жұма Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының ұжымы қолдап, әрі қарай жалғастыру үшін «Жастар сарайы» ұжымына жолдайтын болады» деді мәдениет және өнерді дамыту бөлімінің басшысы Ақерке Жұмабаева.

Оның айтуынша, Астана қаласы Мәдениет басқармасына қарасты 14 мекеме бар. Яғни әрбір мекеме жұма сайын осы челленджді жалғастырып отырмақ.



ҚОР-ҚОРДЫҢ ЗИЯНЫ БАР


Елорданың Нұра ауданында қоғамдық орындарда кальян шегудің алдын алу үшін ойын-сауық мекемелеріне түнгі рейд жүргізілді.

Кез келген темекі шегу сияқты кальян түтіні де адам ағзасына орны толмас зиян келтіреді. Адамның тыныс алу жолдары шайырмен ысталып, қанға оттегі аз түседі, ал ми оттегінің жетіспеушілігінен зардап шеге бастайды. Сол себепті қоғамдық орындарда кальян шегуге заңмен тыйым салынған. Адам денсаулығына зиян келтіретін әдеттердің алдын алу мақсатындағы профилактикалық шараны Нұра ауданы әкімдігінің қызметкерлері полиция бөлімімен бірлесіп ұйымдастырды.

Рейд барысында үш мекеме тексеріліп, тиісті рұқсат құжаттарынсыз темекі шегу өнімдерін тарату және пайдалану бойынша заңды бұзу фактілері анықталды. Тексерулердің қорытындысы бойынша заң бұзушылық тіркелген нысандардың біріне 240 000 теңге айыппұл салынды.

Нұра ауданының әкімдігі мен ішкі істер бөлімі заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге көңіл бөледі. Мұндай заң бұзушылықтардың алдын алу жұмысы әрі қарай да жалғасады.

Құқық қорғау органдары азаматтар мен кәсіпкерлерді заң талаптарын орындап, қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға үлес қосуға шақырады.



№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛІМ БАР

Айгүл УАЙС



Биылғы жылдың атаулы күндерінің ішінде жыл бойында аталып өтетін Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы еліміздегі достық пен келісім рухын паш ететін мереке болып қалмақ. 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы ассамблеясы этносаралық қатынастар институты бүкіл қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДЫҢ МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАДЫ

Астана қаласының Қазақстан халқы ассамблеясының қызметі этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуға, мәдениеттерді өзара байытуға, этностардың әдет-ғұрыптарын, дәстүрлері мен тілдерін сақтауға және дамытуға бағытталған. Ассамблея мәдени-ағарту және шығармашылық жұмыстар жүргізеді, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетеді.

Осы айдың басында Астана қаласындағы Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру бойынша жиналыс өтті. Жиналысқа Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының қоғамдық орынбасарлары Лугмар Буларов пен Юрий Шин, Сенат депутаттары, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің басшылығы, өңірлердің ішкі саясат/қоғамдық даму басқармаларының, «Қоғамдық келісім» КММ, ҚХА қоғамдық құрылымдарының және республикалық этномәдени бірлестіктердің басшылары, сарапшылар қатысты. Кездесуге қатысушылар мерейтойлық жылдың негізгі жобаларын, іс-шараларын және акцияларын талқылады.

БІРЛІКПЕН БЕКІГЕН ДОСТЫҚ ҮЙЛЕРІ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 1000-нан астам этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді. Өңірлерде ҚХА жұмысын үйлестіретін және қамтамасыз ететін 34 Достық үйі бар. Бұл – ассамблеяның көпфункционалды ресурстық орталықтары (интеграция, медиация және волонтерлік) және ассамблеяның бірқатар республикалық және халықаралық жобаларын іске асырушы алаңдары.

Дәстүрлер мен мәдениетті, интеграцияны, мәдениетаралық байланысты сақтауда ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының жұмысы үлкен рөл атқарады. Ассамблеяның біріктіруші әлеуеті солар арқылы жүзеге асырылады. Елімізде Достық үйлері 100-ден астам әлеуметтік маңызы бар тиімді жобаларды жүзеге асырды.

Соның бірегейі елордалық Достық үйі – Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының беткеұстар айнасы. Мұнда халықаралық және республикалық деңгейдегі іс-шаралар өткізіледі. Достық үйінде 23 этномәдени бірлестік, Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ орналасқан. Ассамблея құрылымында 10 этнолингвистикалық мектеп, Қоғамдық келісім кеңесі, Медиация кабинеті, Ғылыми-сараптамалық топ, Аналар кеңесі, шығармашылық ұжым, «Ассамблея жастары» РЖҚ қалалық штабы, Ақсақалдар кеңесі, «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, «Мәміле» қазақ ситуациялық пікірсайыс клубы, «Жыр орталығы», АНК live тікелей эфир студиясы, дыбыс жазу студиясы бар.

Елордалық Достық үйінде қазақ тілі клубының дәрістеріне қызығушылық бар. Түрлі этнос өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйрету мәселелері елордалық ҚХА-ның жұмысындағы басым бағыттарының бірі болып табылады. Достық үйінде өтетін «Мәміле» қазақ тілі клубының биылғы жылдың жаңа оқу жылында этномәдени орталықтардың өкілдері үшін еркін сөйлеуді қалыптастыруға басымдық беріледі. Клубтың әрбір сабағында тыңдаушылар жаңа сөз үйреніп, тілдік орта қалыптастырып келеді. Айта кету керек, аталмыш тіл үйрену курсының арқасында түрлі этнос өкілдері оқу мен жазуды үйреніп қана қоймай, өз ойларын еркін жеткізе алатындай деңгейге жетіп жатыр.

ӘН МЕН ЖЫР МЕРЕКЕСІ

Жыл сайын Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясының ұйымдастыруымен өтетін қалалық этномәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары арасындағы «Бірлігі жарасқан Қазақстан» атты XXVI Қазақстан халқы достығының фестивалі – айтулы мерекелердің бірі.

Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған биылғы шараның негізгі мақсаты – қатысушылардың шығармашылық бастамаларын ынталандыру, орындаушылардың кәсіби шеберлігін арттыру, жас таланттарды анықтау, жас ұрпақтың бойында рухани-патриоттық сана-сезімді қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту болып табылады.


Қазылар алқасының шешімімен жеңімпаз атанған қатысушылар Астана қаласы атынан Қазақстан халқы ассамблеясының шығармашылық ұжымдарының республикалық фестиваліне қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Жеңімпаздар қатарында «Вайнах» шешен-ингуш халық ансамблі, корей этномәдени бірлестігінің «Сальмунори» барабан ансамблі, «Раздолье» орыс және казак әндерінің халық ансамблі, поляк этномәдени орталығының «Стокротка» ансамблі және Садиг Намазов пен Ниматтило Зкруллаев бар. Айта кетейік, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан Қазақстан халқы достығының фестивалі елорда тұрғындары мен қала қонақтары үшін бірлік пен келісімнің, жақсы көңіл-күйдің айқын нышанына айналды. Шара соңында әр этномәдени бірлестікке ынталандыру сыйлықтары мен алғыс хаттар табысталды.

ОТАНДЫҚ АВТООНДІРІСТЕГІ ОҢ ЖАҢАЛЫҚ

Өткен аптада Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінде кең отырыс өтті. Аталған жиында өнеркәсіп, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, геология және жер қойнауын пайдалану салалары бойынша былтырғы қорытынды шығарылып, осы жылға арналған жұмыс міндеттері талқыланған еді.

Ержан ҚОЖАС



БИЫЛ 149 МЫҢ ЖЕҢІЛ КӨЛІК ШЫҒАДЫ

Министрдің сөзінше, өткен жылда өңдеуші өнеркәсіп пен тұрғын үй құрылысында айтарлықтай жетістік бар. Мәселен, өңдеуші өнеркәсібіндегі өнім көлемі металлургия (+6,9%), машина жасау (+9,7%), химия (+7,7%) және басқа да салалардағы өсім есебінен 5,9%-ға өскен.

Ал вице-министр Олжас Сапарбековтың айтуынша, машина жасау өндірісінің көлемі 9,7%-ға артқан. Осы жылы 5%-дық өсім күтілуде. Былтыр жыл соңына қарай 134 мыңнан астам жеңіл автокөлік өндірілсе, оның 23 мыңы сапамен қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келеді. Сондай-ақ биыл 149 мың дана өнім шығару жоспарланған. Жыл соңына дейін жинақтаушы бұйымдарды (қосалқы бөлшек) өндіру жобаларын жүзеге асыру жоспарлануда, ал оның нәтижесі шығарылатын өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік бермек.

«Автомобиль секторын дамыту локализацияны тереңдету және құрамдас база өндірісін игеру есебінен жоспарлануда. Бұл мультимедиялық жүйелерді шығаратын зауыт іске қосылып, Алматы қаласында жоспарланған автокреслолардың сериялық өндірісі арқылы жүзеге асырылады» дейді өз сөзінде О.Сапарбеков.

8 КӘСІПОРЫННЫҢ МІНДЕТІН АЙТСАҚ...

Қазір Қазақстан аумағында 8 негізгі автокөлік өндіруші кәсіпорын бар. Олардың қатарында Қостанай қаласындағы жеңіл көлік, автобус, жүк және арнайы техника (жылына 127 600 дана) өндіретін «СарыарқаАвтоПром», Алматыдағы жеңіл көлік және автобус пен жүк көліктерін шығаратын «Hyundai Trans Kazakhstan» (жылына 50 000 дана) мен «Hyundai Trans Auto» серіктестігі, Семейдегі «Семаз» бен «Daewoo Bus Kazakhstan» кәсіпорны бар. Көкшетаудағы жүк көлігі мен автобус, сондай-ақ арнайы техника шығаратын «Камаз-Инжиниринг» АҚ пен Қарағандының Сарань қаласындағы «QazTehna» ЖШС және Оралдағы «Уральскагроремаш» кәсіпорнын да айтсақ болады. Жалпы жеңіл көлікті айтпағанда, елімізде жүк көліктері мен арнайы техниканың ең жоғары өндірістік қуаттылығы жылына 10 000, автобустар бойынша 1 200 дананы құрайды.

Салада іске асырылып жатқан екі жоба бар. Оның біріншісі – Алматы қаласындағы «ASTANA MOTORS MANUFACTURING KAZAKHSTAN» жеңіл көліктер өндіретін кәсіпорны. Мұның бір жылғы өндірістік қуаттылығы 90 мың автокөлік болмақ. Ал екіншісі – Қостанай облысындағы «KIA QAZAQSTAN» ЖШС. Жеңіл автомобиль шығаратын кәсіпорын жобада бір жылда 70 мың көлік шығаруға қауқарлы деп көрсетілген.

Жеңіл не жүк көліктер шығарушы өндіріс орындарынан бөлек, елде автокөлікке қажетті қосалқы бөлшек өндіретін бірнеше кәсіпорын бар. Талдықорғандағы аккумулятор өндіруші «ҚАЙНАР АКБ» серіктестігі, құйма алюминий дисктерін өндіретін «ВЕКТОР ПАВЛОДАР» кәсіпорны, Қостанайдағы шойын құймаларын, жүк көліктерінің басты берілістерін өндіретін «KAMLITKZ» зауыты отандық тауар өндіруші ретінде тұтынушыларды қажеттімен қамтып отыр. Автокөлікке арналған шина шығарушы «TENGRI TYRES» (Қарағанды облысы, Сарань қаласы), мультимедиялық жүйелер өндіретін «KAZAKHSTAN MOBILITY ENGINEERING» және көліктер ішіндегі арнайы орындық шығаратын «VEHICLES ALMATY» (Алматы қаласы) кәсіпорны да осы сапта тұр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі берген мәліметке сүйенсек, бүгінде автомобиль компоненттерін локализациялау бойынша түрлі жобалар іске асырылуда. Мамандардың сөзінше, бұл автомобиль өнеркәсібін дамыту және ішкі нарықтағы қажеттіліктер үшін керек. Атап айтқанда, елде автомобильдер мен жүк көліктеріне арналған шиналар, амортизаторлар және басқа да резеңке өнімдер өндірілмек. Сонымен қатар, ішкі және сыртқы бөлшектер, бамперлер, сәндік панельдер, май сүзгілері, радиатор, ішкі құрылғылар және әртүрлі механикалық бөлшектерді өзімізде ғана шығару көзделіп отыр. Жобалар іске асса, елдегі көлік шығару ісіне қажетті қосалқы бөліктердің импорты азайып, отандық өндірістің алға жылжитыны анық. Бұл кәсіпорындар бәсекелестігін арттырып, жаңа жұмыс орындарын да ашады.

«ТАЗАЛЫҚШЫ» КӨЛІКТЕР КӘСІПОРНЫ

Бұдан бөлек, Қазақстанда жүк көліктері мен арнайы техникаға арналған түрлі жабдықтар өндіретін зауыттар бар. Мысалы, Астана қаласындағы «STAHLBAU» компаниясын айтсақ болады.

Италиялық «IVECO» маркасымен арнайы жүк көліктерін құрастыратын «STAHLBAU» ЖШС елімізде 2015 жылдың көктемінде жұмысын бастады. Астана қаласы маңындағы №1 Индустриялық паркте орналасқан серіктестік нарыққа ең қажетті автомашина мен жабдықтар дайындайды. Дәлірек айтсақ, қыс айында қар тазалайтын, тайғақ болдырмау үшін тұзды құм себетін, енді бірі жаз айында жол үстін сыпырып, шаң басу үшін су шашатын «тазалықшы» жүк көліктерін шығарады.

Компания басшылығының айтуынша, жалпы машина құрастыру бойынша зауыт ішінде бес пост бар. Әр посттың өзіндік міндеті болады. Бірі – қаңқадан бастап алдыңғы және артқы көпірлерін жинап, жүрістік бөлігін нықтайды. Екіншісінде пневматикалық және электрлі құрылғылар, ал үшінші постта мотор мен қосалқы жабдықтары орнатылады. Төртіншісінде шанақ қойылып, оған қажетті заттардың барлығы бекітіледі. Ал бесінші постта құрастырылып болған көлікке қажетті сұйықтықтар (мотор майы, тосол, дизель, т.б.) құйылып, соңғы тексерістен өтеді. Осылайша, қажетті көлік әбден дайын болған соң зауыт басшылығы тапсырыс берушінің қолына кілтін ұсынады.

№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі



ҮШ АУЫСЫМДА ОҚИТЫНДАР АЗАЯ МА?

Еліміздегі 64 мемлекеттік орта білім беру ұйымы үш ауысымда білім беріп келеді. Астананың өзінде 4 мектептің сыныптарында 30-40 баладан қатар оқуда. Оқушы саны тым көп болса, сапалы білім мен саналы тәрбиенің ақсайтыны сөзсіз. Саладағы басты мәселе өз шешімін таба ма? Қиын түйіннің күрмеуі қашанға созылмақ?

Индира БЕРЖАНОВА

МЕКТЕПТЕ МӘСЕЛЕ КӨП

Әлемдік тәжірибені негізге алсақ, дүние жүзіндегі дамушы мемлекеттердің қатарындағы Вьетнам, Аргентина, Малайзия, Түркия және Тайланд тарихында үш ауысымда оқыту ешқашан болмаған. Мемлекеттер, халық санының көптігіне қарамастан, бір ауысымда оқытуды негізге алады. Ал еліміз әлі де үш ауысымнан арыла алар емес. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, елімізде 8 мыңға жуық мектепте 3,9 млн бала білім алуда. Оның ішінде 3 мыңға жуық мектеп – бір ауысымда, 4,7 мың мектеп екі ауысымда білім беріп келеді.

«Үш ауысымда оқытатын мектептер саны – 64, яғни бұл ел аумағындағы мектептер санының 0,7 пайызын құрайды. Үш ауысымды мектептердің мәселесі жыл соңына дейін толық шешіледі» делінген министрлік жауабында.

Бас қала бойынша 4 мектеп (№37, 71, 79, 83) үш ауысымда оқытуда. Жақында астаналық үш ауысымды мектептердің бірін сенатор Бибігүл Жексенбай аралап, білім беру ұйымындағы түйткілді мәселелерді өз әлеуметтік желісінде жариялаған еді.

«Астана халқы санының жылдам өсуінен әлеуметтік нысандарға да айтарлықтай ауыртпалық түсіп жатыр. Қалада жыл сайын жаңа мектептер салынып жатқанмен, елордамызда үш ауысымдағы білім ошақтары әлі де бар. Соның бірі – №71 мектеп-лицей. Білім ошағы, негізінен, 1200 оқушыға арналғанмен, бүгінгі таңда 5299 оқушы үш ауысымда оқып жатыр. 20 балаға арналған әр сыныпта 40 оқушыдан болып отыр. Мектеп осыдан 10 жыл бұрын ғана салынғанмен, «Жайлы мектеп» жобасымен салынып жатқан мектептермен салыстыру қиын. Дәліздері тар, сыныптарда қапырық, ауаның да жетімсіздігі байқалады. Мектеп әлеуметтік көпқабатты үйлер шоғырланған ауданда орналасқандықтан, 5 мыңнан аса баламен қатар, мыңдаған ата-анамен жүйелі жұмысты талап етеді. Салыстырмалы түрде мұнда ерекше көңіл бөлуді қажет ететін, ментальді ауытқулары бар балалар саны да біршама. Олармен жұмыс істеуге арналған бөлмелердің жабдықталуы тым жұпыны. Оның өзі ұжымның қолдан келген мүмкіндігімен жоқтан бар жасау десе болады. Біз 450 бала тамақтанатын асхана, спорт зал, кітапхана, жеке пән сыныптарын аралап, жалпы мектеп жағдайымен танысып, ұжыммен кездестік. Кездесуде мұғалімдер жүктемесі, инклюзия және ментальді ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтар еңбекақысына орай мәселелер талқыланды. Мұғалімдер тарапынан оқулық сапасының төмендігі де айтылды. Ұжым мұғалімдерінің айтуынша, Астана қаласы үшін 24 сағатқа қаражат алу өте төмен және олар 32 сағат немесе одан да жоғары жүктеме беру мәселесін шешуді, мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің, педагог-ассистенттердің жалақысын көтеруді сұрады. Мемлекет басшысының «Ana tili» газетіне берген сұхбатында айтылғандай, елімізде 2025 жылы 460 мың оқушыға есептелген 217 жаңа «Жайлы мектептің» құрылысы жоспарланған. Оның бірқатары жыл сайын тұрғындары өсіп жатқан елордамызда салынады. Бұл осындай үш ауысымда оқыту мәселесін барынша қысқартып, тозығы жеткен мектептер мәселесін түбегейлі шешуге мүмкіндік береді деген сенімдеміз» деді сенатор.

ОҚЫТУДЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Үш ауысыммен оқытуда көпті алаңдататыны – баланың қауіпсіздігі. Себебі 9-ға дейін сабағы бар оқушылар кеш қараңғылығы қоюланған шақта көше кезуге мәжбүр. Оның үстіне тар дәлізде соқтығысып, мектепте қысылып-қымтырылып жүретін баланың зейіні оқуда, назары кітапта болуы екіталай. Сонымен қатар бір сыныпта 40-тан аса баланың бірдей сабақ оқуы нормаға сай келмейді. Денсаулық сақтау министрлігінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес, стандарт бойынша бір сыныпта 25-тен артық оқушы отыра алмайды. Елордалық Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияның 1-сынып оқушыларының тобында орташа есеппен 40-41 бала қатар оқиды. Мектеп 5 жылдан бері үш ауысымда білім беруде. Мектептің сыйымдылығы 1200 орынға шақталғанмен, қазір 4852 оқушы білім алып жатыр. Бастауыш сыныптарда оқушылардың орташа саны – 35-36. Білім ошағында бастауыш сыныптар ғана үш ауысымда оқыса, қалған 5-11-сыныптар екі ауысымда білім алуда. Бірінші ауысым таңғы сағат 8:00-де басталып, түскі 12:30-да аяқталады. Екінші ауысым сағат 11:05-те басталып, сағат 15:40-та аяқталады. Үшінші ауысым сағат 15:00-де басталып, сағат 19:30-да аяқталады.

Мектеп директоры Гүлмира Жарменованың айтуынша, үш ауысымда оқу сапалы білім алуға кері әсерін тигізбей қоймайды. Бала санының көптігіне байланысты мектепке ата-аналардың сұранысы да жоғары көрінеді. Ата-аналар өзге мектептерден бұрын ел мақтаған білім ошағында балаларын оқытуға жаппай күш салады екен.

«Үш ауысымды мектептерді жою – еліміздің білім саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Мұндай оқытудың кедергілері де жоқ емес. Пән кабинеттерінің жетіспеушілігі, үйлеріне кеш жететін оқушылардың түрлі үйірмелерге қатысып үлгермеуі, асханадағы тамақтану уақытының ыңғайсыздығы, бір спорт залдың тар болуы сынды мәселелер бар. Оқу бағдарламасына сәйкес, сағат саны бойынша білім алушыларды кабинетпен қамтамасыз ету қиындық тудырады. Екі ауысым арасындағы 20 минут – сыныптарды жуып, желдетіп, келесі ауысымға дайындау үшін аз уақыт. Сыныпта оқушылар мөлшерден тым көп болғаннан кейін, оқушылар арасында келіспеушіліктер болып, оны ата-аналар дұрыс қабылдамай жатады. Яғни бала тәртібін бақылау оңай емес. Дегенмен қауіпсіздікті сақтау үшін кезекшілік құрылды. Үзіліс кестесін жүйелеу мақсатында «қозғалыс картасы» да әзірленген. Мұндай оқу жүктемесінің бірінші қиындығы сабақ уақыты қысқарып, мұғалімдер барлық материалды терең түсіндіруге үлгермейді. Бұл оқушылардың білімді толық меңгеруіне кері әсер етеді. Екіншіден, бір күнде үш ауысымда жұмыс істеу – мұғалімдер үшін үлкен жүктеме. Олар сабақ өткізіп қана қоймай, оны дайындауға да уақыт бөлуі керек. Үшіншіден, кешке дейін мектепте болу оқушылардың денсаулығына кері әсер етеді, ұйқысы бұзылады, шаршау басым болады. Төртіншіден, мектеп ғимараты бір күнде үш рет оқушы қабылдайтындықтан тез тозады. Санитарлық-гигиеналық жағдай нашарлауы мүмкін, ал оқушыларға жеткілікті орын мен жабдық жетпеуі ықтимал. Дегенмен үш ауысымда оқыту – білім берудегі уақытша үдеріс. Себебі келесі 2025-2026 оқу жылында 610 орынға шақталған мектеп-гимназияның қосымша ғимараты пайдалануға берілгенде, бастауыш сынып оқушыларының саны 25 оқушыдан және екі ауысымда оқиды деп есептеп отырмыз» деді мектеп директоры.

Астанадағы Қ.Мұхамедханов көшесі бойындағы №79 мектеп-лицейі де үш ауысымда оқытуда. Оның себебі де жоқ емес. Көше бойында бұл жалғыз мемлекеттік мектеп. Ал ең жақын дегендері – оқу ақысы жылына кемі 2-3 млн теңгені құрайтын жекеменшік мекемелер. Ортанқол отбасылардың бұған айлығы жетпейтіні сөзсіз, сәйкесінше, ата-аналар үш ауысымды оқытуды таңдайды.

ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАЙТСЕ ШЕШІЛЕДІ?

Ы.Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназия директоры Гүлмира Серғазықызы түйткілді шешудегі үміт биыл салынады делінген «Жайлы мектептерде» дейді.

Мемлекет басшысы орын тапшылығы мәселесін түбегейлі шешу үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды қолдап, 2030 жылға дейін бір ауысымдық оқытуға көшуді қамтамасыз етуді тапсырды. Биылғы оқу жылы үш ауысымды мектептердің мәселесін шешуде қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектептер пайдалануға беріліп, тағы да жаңа білім ошақтары салынады. Бұл туралы Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы атап өтті.

– Елордамызда жыл сайын халық санының көбеюіне байланысты әлеуметтік нысандарға сұраныс пен қажеттілік артып келеді. Сол себептен де үш ауысымды мектептердің мәселесі бар. Өткен жылы қаламызда 24 мектеп ашылды. 2024 жылы 4 үш ауысымды мектептің (№27, 41, 69, 89), 5 тығыздалған мектептің (№17, 59, 63, 67, 85), 1 апатты мектептің (№12 мектеп) және 18795 орындық тапшылық мәселелері шешілді. Биыл тағы жалпы сыйымдылығы 22912 орындық 15 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін бұл мәселе толық шешіледі деп жоспарлап отырмыз, – деді баспасөз хатшысы.

«Жайлы мектеп» жобасы биыл аяқталатынын ескерсек, жоспардағы 7 мектеп салынса ғана елордада үш ауысымды оқытудың мәселесі шешілмек. Десе де бас қалаға өзге өңір азаматтарының жаппай ағылуы мен халық өсімін ескерсек, бұл – «осымен аяқталды» деп кілт үзе салатын емес, үздіксіз жүруі тиіс процесс.

БІЛІМ ҰЯСЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Елорданың білім беру жүйесінде 391 мыңнан аса бала тәрбиеленіп жатқан 877 ұйым бар. Оқу ошақтарындағы баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы қаланың коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсима Бимендина және қалалық прокурордың аға көмекшісі Дина Нұрпейісова қатысқан брифингте кәмелетке толмағандар арасында құқықтық мәдениетті арттыру мақсатындағы іс-шаралар мен олардың маңызы сөз етілді.

«Қазіргі уақытта қаладағы барлық оқу орны автоматты өрт дабылы жүйесіне қосылып, 100 пайыз цифрлық бейнебақылау, турникет және бірінші санатты лицензиясы бар күзет ұйымдарымен жабдықталған. Сондай-ақ барлық камера мен дүрбелең түймесі басқару орталығына қосылған.

Білім басқармасы балаларға қатысты қауіпсіздік іс-шараларын күнделікті бақылауда ұстайды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс күшейді. 2024 жылы алдын алу кеңесі бойынша 2018 отырыс өтті, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 89,6%-ға көп (2023 жылы – 1064). Ювеналды полиция есебінде 193 кәмелетке толмаған бала тұрса, мектеп есебінде 785 оқушы тұр, бұл көрсеткіш 154,1 пайызға өсті, бұл білім беру ұйымдарында профилактикалық жұмыстардың күшейгенін көрсетеді. Есепке алынған кәмелетке толмағандармен жұмыс жеке жоспар бойынша жүргізіледі. Әрбір мектеп оқушысы мен колледж студенті үшін әлеуметтік портрет құрастырылды» деді Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Астанада оқушылар арасында жанжал туындаған жағдайда, жедел әрекет ету үшін 16 мобильді топ құрылды.



Қалалық прокуратурамен бірлесе отырып, өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың баспанасы, тұрмыс жағдайы, материалдық жағдайы тексерілуде. 3673 тексеру өткізіліп, анықталған 42 отбасыға психологиялық-әлеуметтік көмек көрсетілді. Білім беру ұйымдарында бұзақылыққа қарсы бағдарлама жүзеге асырылуда. Осы мақсатта қанатқақты жобаға 5 мектеп енгізілді. Оның аясында бұзақылықтың алдын алу және азайту (сабақ, тақырыптық ауысым, бірлескен оқу) және анықталған буллинг жағдайларын шешу бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Бұл ретте 5 мектепте DosbolLIKE бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Осы бағдарлама аясында мұғалімдер «Білім беру ұйымдарындағы буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбында білігін арттыру курсынан өтеді.

Елорданың білім беру ұйымдарында QR-коды бар «Bala qorgau» тақтайшалары орнатылды. Оқу орнының әр бөлімінде «111» сенім телефоны жұмыс істейді.

№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі

ТАҢҒАЖАЙЫП ТАСТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫ

ЕРТЕҢ ҚАЛАЙ БОЛАТЫНЫ АЛАҢДАТАДЫ

Шапағат ӘБДІР

«Асыл тастан, ақыл жастан» деген қазақ ежелден-ақ табиғаттың ғаламмен тұтастығын көруге, білуге ынтызар. Біз, әдетте, мақтана қалсақ «жерімізде Менделеев кестесіндегі барлық элемент бар» деп кеуде кереміз. Шын мәнінде, сол жеріміздің байлығы мен құндылығының нақты неде тұрғанын кейде сезе де бермейміз. Оны да қазақ ерте білген. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деп айтатыны да содан.





«Алтын да тас, тас та тас, алтындай болмас басқа тас» деген халқымыз жерінің топырағынан тартып тасына дейін қадір тұтқан. Бүгінде жеріміздің байлығы саналатын небір құнды жәдігерлеріміздің жоғалып кету қаупі зор. Оларды ертең жоқтамау үшін бүгін іздеу керекпіз. Біз осы құндылықтарымыздың ең құнды бөлігін құрайтын тастар әлеміне саяхаттап, жеріміздің шығатын небір асыл ақықтардың қыры мен сырына қанығып қайту үшін Астана қаласындағы Ш.Иманбаева көшесінің бойына орналасқан Минералогиялық мұражайға бардық. Ішіне кіргеннен-ақ патша сарайының қазынасына тап болғандай көңіл күйде боласыз. Мұражай ішіндегі тазалық, ондағы әрбір қойылған суреттер мен тастардың көркі сізді таңға жақын талмаусырап жеткен бұлбұлдың үніндей боп өзіне еріксіз тарта береді. Оларды көргенде адам болып туғаныңызға, жер деген киелі ғаламшардың тұрғыны болғаныңызға іштей риза болып, өз-өзіңізден жеті қабат жер астына түскендей немесе жеті қабат көкте қалықтап тұрғандай сезім кешесіз. Өйткені онда қазақтың нағыз байлығының паспортына айналған асылдар тұр.

Асыл демекші, қазақта жақұтты аққу іздеп жүріп тауып, жұтып, жемсауына сақтайды деген сенім бар. Халқымыздың аққуды киелі санайтынының да бір ұшы сонда жатса керек. Ал гауһарды асылдың асылы деп бағалайды ежелден. Ол адам аяғы баспайтын, аң аяғы жетпейтін жерде бір шоқ гүл құсап жарқырап жататын көрінеді әрі жыл өткен сайын пісіп-жетіліп, нағыз дер шағына жеткенде алмаз болып өзгереді екен. Ал оны көрген адам «мәңгілік бақытты болады» деген наным-сенім бар.

Алдымнан шығып, көзімнің нұрын тайдырған мұздай мұнтаз тастың атын сұрағанымда, мұражай иесі «бұл – әлемдегі ең қатты минерал, бағалы тастың бірі алмаз» деп таныстырды. Одан кейінгі тұрған қызыл түсті тастың аты – рубин, одан кейінгі жасыл түсті тастың аты – изумруд, ал тотықұстың жүніндей інжу мен ұжмақтың гүліндей болып тұрған тағы бір жасыл түсті асыл тас – сапфир, күлгін түсті көбелектей анау бір тас – аметист, оның қасындағы көк-жасыл түсті шырағдандай боп тұрған – аквамарин, ал оның оң жағында мың құбылып тұрған – опал деген минерал. Тіпті өз түсін өзі өзгертетін турмалин мен гранат, көк түсті минерал мен ежелгі заманнан бері зергерлік бұйымдарда қолданылған лазурит та осында тұр. Бұл тастарға қарап тұрып қазақ даласының соншалықты қазынаға бай екеніне шынайы көзіңіз жетеді. Ал енді осыншама байлықты көзінің қарашығындай қорғап, жинап, сақтап, кірінен тазартып, шаңынан арылтып, оларды арнайы мұражайға қойып отырған кім десеңіз, ол – еліміздің еңбек сіңірген геологы, Қазақстан Республикасы Минералдық ресурстар академиясының академигі Олжабай Исмаилов.

Олжабай Жұмағалиұлы – 1949 жылы Ресейдің Магадан облысында туған қазақ. 1970 жылы Миасс геология-барлау техникумының (Миасс қаласы) тау факультетін «қазба кен орындарын барлау техникасы» мамандығы бойынша аяқтаған ол кейін 1970-1971 жж. Алматы қаласындағы Орталық геофизикалық экспедицияның геологиялық отрядының басшысы болады. Одан әскерге кетіп, келгеннен кейін Тұрар Рысқұлов геологиялық экспедициясы, геологиялық партияның басшысы, экспедиция басшысының орынбасары болады. Осылайша еңбек жолында сатылап өскен ол әр жылдары әртүрлі қызметтерді атқарып, 1995-1999 жж. «Геобайт» АҚ президенті болды, ал 1999 жылдан бүгінге дейін «Геобайт-Инфо» ЖШС бас директоры. Сондай-ақ ол ТМД елдері минералды ресурстарды барлау, пайдалану және қорғау бойынша үкіметаралық кеңестің мүшесі және тұрақты қатысушысы, Қазақстанның тау-кен өндірісі кәсіпорындары ассоциациясының мүшесі, Қазақстан географиялық қоғамының аймақтық директоры, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы комитетінің мүшесі, Қазақстан Республикасының кен орындарын алғаш ашушы, «Геобайт-Инфо» ЖШС геологиялық компаниясының негізін қалаушы және жетекшісі. Ал оның көпжылдық еңбегінің нәтижесінде құрылып, 2011 жылы ашылған бұл Минералогиялық мұражайы жекеменшік. Негізгі қоры да оның жеке жинағынан тұрады әрі бұл мұражай экспозициясында Қазақстан, Ресей және басқа да елдердің минералдары қойылған. Сондай-ақ мұражай экспозициясының бір бөлігі палеонтологиялық олжаларға арналса, екінші жағында арнайы тастарды зерттеген ғалымдардың еңбектері том-том кітап болып сөреге қойылған. Экспозицияда XIX ғасырдан бері сақталған геологиялық әдебиеттер, өткен ғасырдың басы мен ортасына тиесілі геологиялық құрал-жабдықтардың үлгілері бар.

Әлемнің таңғажайып асылдарын көруге күнделікті келушілердің қарасы мол. Қазіргі уақытта мұражайда 2000-нан астам экспонат бар. Оларды күнделікті қарайтын, шаңын сүртіп, тазартатын адамдар жұмыс істейді. Мұндағы 10-нан аса жұмысшының жалақысын да Олжабай Жұмағалиұлы өз қалтасынан төлеп отырғанын айтады.

– Бұл мұражай – мемлекет байлығының бір көрінісі. Ондағы қойылған әрбір тастың құндылығы миллион доллар берсеңіз де сатылмайды. Сатылмауы тиіс те, себебі мемлекетіміздің қазынасы ақшаға бағаланбауы керек. Отанымыздың құнды жәдігерлері келесі ұрпаққа аман-сау жетуі тиіс. Менің де басты арман-мақсатым сол. Сондықтан осы мұражайды мемлекеттен бір тиын алмай, өз қаражатыма аштым. 12 адамды жұмыспен қамтып, қызметкерлердің жалақысын өз қалтамнан төлеп отырмын. Ай сайынғы шығыным 3 миллионнан асады. Жасым болса 75-ке келді. Ертең не болатынын ешкім білмейді. Сондықтан осы мұражайды мемлекет өз қорғауына алса, арнайы ғимарат беріп, оны сақтауға көмектессе, бұл болашақ ұрпақ үшін игі іс болар еді. Қазіргі таңда келушілер ағыны артып келеді. Алайда мұражайдың жұмысын шектейтін бірнеше фактор бар. Оған кең ауқымда жұмыс істеуге мүмкіндік бермей тұрған: көрме алаңының шағын болуы, экспонаттарға еркін қол жеткізу үшін жеткілікті кеңістіктің болмауы, интерактивті және мультимедиалық технологияларды орналастыру мүмкіндігінің жоғы. Өйткені мұнда келушілерге жағдай жасау үшін қолжетімділікті арттыру, Қазақстан флорасы мен фаунасының коллекциясын жасау, геология кітапханасын ұйымдастыру, мектеп оқушыларына арналған оқу сыныптарын жабдықтау, көрме залдарын құру үшін мұражайға кем дегенде 2000-2500 шаршы метр қосымша кеңістік қажет. Бұл мәселені шешудің ең дұрыс жолы – Астанада жаңа «Табиғат және ғылым тарихы мұражайын» салу. Оның басты мақсаты табиғатты ұлттық мұраның бір бөлігі ретінде сақтау, Қазақстанның тарихи және табиғи құндылықтарын насихаттау болмақ. Жаңа мұражайдың негізгі қоры қазіргі Минералогиялық мұражайдың коллекциясы болуы тиіс, – дейді Олжабай Исмаилов.

Иә, мемлекеттің байлығы мәдени мұра ретінде қорғалуы және сақталуы тиіс. Әйтпесе бүгін бізді таңғалдырып-тамсандырған минералдар ертең жойылып кетуі әбден мүмкін.

P.S: ***Егер Олжабай Исмаиловтың асыл тастар мұражайын мемлекет өз қорғауына алып, оны кеңейтіп ашса, елге келген туристердің де қызығушылығы артар еді. Өйткені онда ұлттық мұражайымыздағы жәдігерлерден де қымбат асылдар тұр. Тіпті мұндай тастарды сақтауға «ЭКСПО-ның шары» немесе «Хан Шатыр» секілді нысан салдырсақ, мемлекетке пайдасы болмаса, зияны тимес еді...***

«АЙГӨЛЕК» АПАЙМЕН КЕЗДЕСУ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында ақын, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, «Айгөлек» республикалық балалар журналының негізін қалаушы-бас редакторы Қымбат Әбілдақызымен «Бала жанының бағбаны» атты кездесу өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – адал азамат» атты екінші отырысында өскелең ұрпақ тәрбиесі өте маңызды екенін айта келе, жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын ояту керектігін атап өтті. «Балалар кітапханасы» атты бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Осыған байланысты Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын әзірледі. «Балалар кітапханасы» жобасы – соның бір тармағы. Қымбат Әбілдақызы – аталмыш бағдарламаны іске асырудың комиссия мүшесі.

Қаламгермен кездесуде кітап оқудың пайдасы, мән-маңызы, ұлттық құндылықтар, ұрпақ тәрбиесі мәселелері қозғалды. Қымбат Әбілдақызы өзінің кітап оқуға құштарлығына ата-әжесінің ықпалы болғанын айтты.

«Ата-әжем 2-сыныпта оқығанымда мені ертіп алып ауыл поштасына апаратын. Пошташыға «Біздің Қыпан заулатып оқиды. Дауысы мұғалімнің дауысындай. Алматыдан шығатын оқитын не бар? Біздің Қыпанға соны алдыртып берші» дейтін. Солай келген кітаптар мен газет-журналдарды оқыдым» деген Қымбат Әбілдақызы бала кезінен оқудың маңызына тоқталды.

Биыл «Айгөлек» журналының шыға бастағанына 25 жыл толады. Бас редакторы басылым тарихын, осы журналды ашудың идеясы қалай келгенін әңгімелеп берді. Қазір көп жерде журнал басшысын «Айгөлек» апай деп атайды. Қымбат Әбілдақызы аталмыш басылымға жазылуға шақырды. Кездесуге қатысқан мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар қаламгерге сұрақтарды қойды. Кездесуді қорытындылаған Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева мазмұнды кездесу болғанын атап өтті.

«Жарық ғалам!
Жанарына жамандық жуытпаған.
Жаны ізгі адамдар туыс маған,
Ардақ тұтып, қадірін біліп жүрем.
Жүрегі таза болса кір жұқпаған» деген белгілі журналист-ақын Фатима Жүнісованың бір өлеңі бар еді.
Сондай жүрегі таза, жаны ізгі әріптес, замандасым туралы жақсы сөз айтқым келеді. Жанымызда жүрген жақсы адамның қадір-қасиетін қатар жүргенде айтып, мерейін тасытып, шуаққа бөлесек қандай ғанибет!



ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Раиса Агибаеваны бұрынғы Целиноград, Ақмола өңірінің көзі қарақты адамдарының бәрі біледі деп ойлаймын. Ол 1950 жылы Ақмола облысы Ақмола ауданы Романовка ауылында туған. 1967 жылы Целиноград педагогикалық институтына түсіп, оны 1971 жылы бітірген. Алғашқы еңбек жолын Нұра ауданының №2 Киевка орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып бастаған. 1973 жылдан Целиноград телестудиясында редактор, аға редактор қызметтерін атқарған. XX ғасырдың 70-жылдары – телевидениенің дәурені жылдан-жылға қанатын кең жая бастаған кез. Бүкіл елдің, мемлекеттің назары телевидение саласына ауған. Телеэкраннан берілген хабарлар тікелей эфирде жүреді. Алдын ала жазып алу деген жоқ. Технологияның дамымаған уақыты. Әрбір сөзің мен ісіңді, киген киіміңді, қимыл-қозғалысыңды қалт жібермей қадағалайтын цензура бар. Қате жіберу, дұрыс сөйлемеу, интонацияны, екпінді дұрыс қоймауға мүлдем болмайды. Сәл мүлт кетсең талқыға түсіп, тағдырың шешіледі. Бұл орайда дикторлар мен режиссёрлерге түсетін салмақ зіл батпан болса, хабар дайындайтын редакторларға жүктелетін салмақ мың батпан. Әр сөйлем, сөз, үтір, нүкте орнымен қолданылып, сөз екпіні нақты әрі дәл айтылуы шарт. Бұдан басқа талаптар, толып жатқан техникалық ережелерді мүлт жібермеу үшін асқан жауапкершілік, мықты жүйке, салқынқандылық керек-ақ. Бұлжымайтын қағиданы сезімтал, сергек, білімді, ұстамды, табанды, мақсатшыл Раиса Мұхамедияқызы ешқашан бұзған емес. Шығармашыл ортада өз орнын ойып тұрып алды. Ұжымда беделді, сыйлы. Сөзін өткізе алатын көшбасшы болып қалыптасты. Қаншама еңбек адамымен, партия, совет қызметкерімен, өнер, мәдениет, білім, денсаулық сақтау салалары, соғыс және тыл ардагерлерімен мазмұнды сұхбаттар мен репортаждар дайындап, тәжірибелі, танымал тележүргізушіге айналды.

Тың өлкесінің 50 жылдық шежіресін жасауға атсалысып, талай қарапайым еңбек адамдарының мерейін тасытты. Ол бұл күндері Целиноград облыстық телерадио комитетінің басшысы Иван Васильевич Кузьмин, телеорталықтың директоры Григорий Иосифович Лурье, жазушы журналист Хаджимурат Рахимов, қазақ редакциясының бас редакторы Күлмес Рахимжанов сияқты ардагер әріптестерін, телевидениенің білікті мамандары Нұрлан Дауытов, Александр Пономаревты сағына еске алады.

Раиса Мұхамедияқызы телевидение саласында 30 жыл еңбек етті. Сол жылдар аралығында қаншама шәкірт тәрбиеледі. Ал 2001-2008 жылдар аралығында Раиса Мұхамедияқызы «Вечерняя Астана» газетінде редактордың орынбасары болып еңбек етті. Сондай-ақ республикалық әлеуметтік «Жан» журналының бас редакторы болды. 20 жылдай әртүрлі баспада жинақтар шығаруға атсалысып, оны редакциялауда көп еңбек сіңірді. 2018-2021 жылдары қалалық әкімдіктің жанынан құрылған «Қоғамдық келісім» бірлестігінде бас эксперт болса, «Елорда ассамблеясы» жинағына жауапты редактор болып бұқараға ауадай қажет кітап шығарып, ел алғысына бөленді.

> Раиса Мұхамедияқызы телевидение саласында 30 жыл еңбек етті. Сол жылдар аралығында қаншама шәкірт тәрбиеледі. Ал 2001-2008 жылдар аралығында Раиса Мұхамедияқызы «Вечерняя Астана» газетінде редактордың орынбасары болып еңбек етті. Сондай-ақ республикалық әлеуметтік «Жан» журналының бас редакторы болды. 20 жылдай әртүрлі баспада жинақтар шығаруға атсалысты

Бала кезінен әкесінің әріптесі, жақын досы болған қоғам қайраткері, қазақ халқының біртуар ұлы Жұмабек Тәшенев секілді тұлғаларды көріп, сарқытын ішкен. Игі жақсылардың ұлағатты сөздерін тыңдап өскен алғыр қыз өзі де қазір Астананың шежіресіне, бір тұлғасына айналды. Жарты ғасыр ғұмырын журналистикаға арнаған, күні бүгінге дейін қаламы қолынан түспеген белсенді, зерек ойлы Раиса Мұхамедияқызы қазіргі таңда елорданың ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі. Өткен жылы «Үздік журналист-аналитик» номинациясын жеңіп алды. Жасы 75-ке келген ардагердің бұл жетістігі – мақтауға тұрарлық оқиға.

50 жылдық еңбек жолында санаса сан жетпейтін марапат, алғыс хат, құрмет грамотасын алғанын айтпағанда, «Астананың 20 жылдығы», «Ассамблеяның 25 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы», «Қазақ ТВ-ның 60 жылдығы» секілді төсбелгілердің иегері.

КСРО және Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Раиса Агибаева мерейлі жасқа жетіп отыр. Ұшан-теңіз білімі мен ұлағатты өмір жолымен, кісілік келбетімен, жан-жақты талантымен ерекшеленген әріптес-замандас жайлы, жақсы адам жайлы айтарым көп-ақ. Әлі де айтармыз. Уақыт келер, жанымызда жүрген жақсы адамды бағалап, жылы жүрекпен аялап, ізгі ниетпен 75 жасымен құттықтаймыз! Сізге деген құрметіміз шексіз. Алла сізге күш-қуат, жігер-қайрат берсін! Ғасыр жасаңыз, жаны жайсаң жақсы адам!

Қарлығаш ҚҰСПАН,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің ең басты міндеті – қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру және ел азаматтарының сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру. Әрбір өндірістің, әрбір мекеменің басшылығына қызмет өкілетін пайда-күнемдік мақсатта пайдалану тиімсіз және мүмкін емес болатындай жағдай құру қажет.

Мемлекеттік кәсіпорынның немесе мекеменің қызметіне әзірленіп, енгізілетін әрбір стандарттың мақсаты – айқындықты енгізу, қызметкерлердің халықпен қарым-қатынасының қажет үлгісін бекіту. Стандартты қызмет көрсетуге жүгінген тұлға мемлекеттік кәсіпорын қызметкерінен қызметті толық көлемде алуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – мемлекеттік кәсіпорынның жұмысшылары мемлекеттік қызметкерлер ғана емес, толық азаматтық қоғам болуы тиіс мемлекеттік отаншылдық идеологиясының ажырамас бөлігі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы орта, жоғарғы санаттағы оқу мекемелерінде дамыту қажет, себебі ақпараттандырылған, қабілетті және белсенді жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сананы насихаттауға елеулі әсерін енгізуі мүмкін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы үлгілерді енгізу басқару санатындағы ұлттық бағдарлауды мемлекеттік отаншылдықтың бейімделген принциптерін жүргізеді және қалыптастырады. Мемлекеттік кәсіпорындардың және мекемелердің жаңа қабылданған қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды құру қажет.

Жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамалары билік, бизнес және азаматтық қоғам арасында дұрыс, мәдениетті қарым-қатынасты орнықтыру маңызды. Құрылымды ұсыныстарды талаптандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапты және позитивті әдістерді бағдарлау жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды және көзқарастарды игеретін жас қоғамдастықты қалыптастыруы мүмкін. Қорытындылай келе, бұл мемлекеттік аппараттың сапасын, біздің азаматтардың заңдылыққа және адалдыққа бейімділік дәрежесін көтеруге мүмкіндік тудырады. Басқа сөзбен айтқанда, осы сияқты жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат негізінде адал өмір сүріп, бедел қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың міндеттері:

– сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның себептері және әлеуметке төндірер қаупі мен зияны туралы жалпы көзқарас қалыптасуы қажет;

– пара-пар талдау әлеуметтік құбылыстың жеке бағасын қалыптастыруға ықпал етеді;

– құқықтық және моральдық-этностық нормалармен сәйкестендіріп, әрекеттердің стандартын қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлық туралы білім кешенін қалыптастыру;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің уәждемесін ынталандыру;

– сыбайлас жемқорлық көрінісіне төзуге болмайтындай жағдай қалыптастыру;

– азаматтарға демократиялық құндылықтардың маңызын түсіндіру, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

– жеке, әлеуметтік, танымды және мәдени құзыреттілікті және т. б. жетілдіру;

Осыған орай, сыбайлас жемқорлық жағдайының мемлекеттік кәсіпорындарда немесе мекемелерде жоқ болуы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың, оған қарсы тәрбиенің негізгі құраушысы бола отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар кешені болмақ.

Э.ТУРАБЕКОВА,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 3 наурызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «3-5 қабатты кіріктірілген паркингі бар көпфукциалды кешен» объектілерін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Сығанақ және Төле би көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс беруші «BAYLYK LTD» ЖШС.

2. «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені, 9-16 қабат» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Ш.Айтматов және Е456 көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс беруші «СК Лидер-1» ЖШС.

3. «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көпфункционалды тұрғын үй кешені, 12-14-16 қабат» объектісін биіктігін арттыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, Ш.Айтматов және Е363 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданы, тапсырыс берушісі «Инград-Строй» ЖШС.

4. «Коттедж үлгісіндегі жеке тұрғын үйлер, 2-4 қабатты аз қабатты тұрғын үй кешендері, таунхаустар, қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру объектілері, сауда орталығы, бизнес-орталық, спорттық-сауықтыру кешені» объектісін орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Пригородный тұрғын алабы ауданы, тапсырыс беруші «Инвест-Плаза» ЖШС.

5. ЕТЖЖ-ны әзірлеу жөнінде, 110 кВ «Ишим» ПС-нан «Қарлығаш» дейінгі дәліздің инженерлік инфрақұрылымын ұйымдастыру бөлігінде, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы дала даңғылы ауданы, тапсырыс беруші – Астана қаласының «Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zh.suyunova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 23.01.2025 ж. №100 және №101 «Астана қаласының коммуналдық меншігіне мүлікті қабылдау туралы» бұйрықтары және «Астана шаруашылық басқармасы» ЖШС жалғыз қатысушысының 13.12.2024 ж. шешімі негізінде «Астана шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 120340003574 көлемінің азайғаны туралы хабарлайды, жарғылық 4 970 039,95 сомасына капитал (төрт миллион тоғыз жүз жетпіс мың отыз тоғыз теңге тоқсан бес тиын).

№16 (4760) 11/02/2025 Сейсенбі

МҰЗБАЛАҚ АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Астана қаласы әкімдігі Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның ұйымдастыруымен қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевты еске алу кеші өтті. «Есіңе мені алғайсың» атты әдеби-сазды концертте ақынның өлеңдеріне жазылған танымал әндер шырқалып, шығармашылығы кеңінен насихатталды.



Концерт «Қорқыт» этно ансамблінің орындауындағы Қазанғаптың «Ақжелең» күйімен басталды. Одан кейін сахна төрінен Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы жайлы әсерлі әңгімелер өрбіді. Ақынның жүрек тебірентер өлеңдері оқылып, оның өмір жолы мен әдеби мұрасы туралы қызықты деректер айтылды. Әдеби-музыкалық бағдарламада Ұлықпан Жолдасов, Төлеген Мұхамеджанов, Тұрсынжан Шапай, Нұрғиса Тілендиев, Тұрсынғазы Рахимов, Кентау Назарбек, Ғалымжан Сикеев, Болат Есмұқанов сынды танымал композиторлардың Мұқағали өлеңдеріне жазылған әндері орындалды. Қазақстанның халық әртісі Майра Ильясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Сүндет Байғожин, Гүлмира Сарина, Гүлнұр Оразымбетова, сондай-ақ Әкімхан Мәженов, Ақбота Құснадин, Өзгеріс Шерікбай, Диана Май, Мұратбек Хайролда, Қымбат Жамбылбек, Данияр Мұқан, Әйгерім Нартүйе, Берік Омаров, Парасат Отан, Алтыншаш Мұқатаева, Айдын Жұмабай, Нұржан Мейірхан, Фарида Жолдасова, Нұрай Танабаев, Рахат Бегасылов сынды өнерпаздар өнер көрсетті. Кештің көркемдік тұтастығын «Alem» заманауи би балеті, «Қорқыт» этно ансамблі (көркемдік жетекшісі – Мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек) музыкалық сүйемелдеуімен толықтырды. Ақынның «Мен XXI ғасыр ұрпақтарының құрдасымын, бәлкім, одан әрідегі ұрпақтың туысымын да» деген сөзімен түйінделген кеште Мұқағали жырларының мәңгілік екені, оның поэзиясы мен философиясы келешек ұрпақпен бірге жасай беретіні аталып өтті.

ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ ҚАЗЫНА

Ұлттық музейде «Диуани лұғат ат-түрк» энциклопедиялық сөздігінің жарық көргеніне 950 жыл толуына орай «Тіл – ізгіліктің бастауы: Диуани лұғат ат-түрк» халықаралық көрмесі салтанатты түрде ашылды.

Көрменің ашылуына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев, сондай-ақ ұйымға мүше елдердің Мәдениет министрлері қатысты.

«Диуани лұғат ат-түрк» – көрнекті ғалым, ойшыл Махмұд әл-Қашқари XI ғасырда жазған бірегей туынды. Бұл – араб тіліндегі баламалары бар 9 мыңға жуық сөзді, түркі халықтарының мәдениеті, тұрмысы, тіл білімі мен әдебиеті туралы бай материалды қамтитын түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігі. Көрмеге Махмұд Қашқаридың суреті, «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің көшірмесі, түрік және қырғыз тілінде ұсынылған түпнұсқа, таңдамалы сөздер мен мақал-мәтелдер, XI ғасырдағы түрік қоғамын бейнелейтін ерлер мен әйелдердің киімдері, сол кезеңнің өмір салты мен мәдени көрінісінен хабар беретін жәдігерлер ұсынылды. Қарахан дәуірінің нысандары мен Махмұд Қашқари салған картаны қазіргі картамен салыстыру түріндегі ақпараттар қамтылған. Аталмыш көрме 23 ақпанға дейін жалғасады.



Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

ТІЛЕНДИЕВ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Елорданың шейх Халифа бен Зейд Әл Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көрнекті күйші-композитор, дирижер, ҚСРО халық әртісі, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбаймен кездесу өтті.



Әнші Нұрғиса Тілендиевтің көзін көріп, шығармашылық байланыста болды. Кенжеғали Мыржықбай Абай әндерінің, ұлы ақынның өлеңдеріне жазылған туындылардың бірден-бір насихатшысы екені белгілі. Ал Нұрғиса Тілендиевтің «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген сирек орындалатын романсы барын біреу білер, біреу білмес. Осы романс Кенжеғали Тұрсынбекұлының репертуарына енген. Әнші әйгілі композитормен шығармашылық байланыс туралы әңгімелеп, қызықты әңгімелерді шертті. Өзінің өмір жолына, белгілі тұлғалардан алған өнегеге тоқталды. Кездесу еркін сұхбат форматында өрбіді. Кенжеғали Мыржықбай Нұрғиса Тілендиевтің туындыларын шырқады. Бұған қоса, мектеп оқушылары композитордың әндерін әуелетіп, күйлерін тартты. Кездесуді қорытындылаған аталмыш мектеп-лицей директоры Самал Нұғманованың деректер мен естеліктер оқушыларға рухани азық сыйлағанын айтып, қонаққа алғысын жеткізді.

ЧАЙКОВСКИЙ РОМАНСТАРЫ ШЫРҚАЛДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов жеке концертін ұсынды. Концерт әлемге әйгілі композитор Петр Чайковскийдің 185 жылдығына арналған.



Чайковский шығармашылығында романс жанры ерекше орын алады. Азамат Жылтыркөзов кеш барысында оның ең үздік романстарын орындады. Концертке сонымен қатар филармонияның классикалық вокал бөлімі солисі, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты Фируза Рахметова қатысты. Оның орындауында бірнеше романс ұсынылды. Өнер туындылары рояльдің сүйемелдеуімен айтылды. Фортепиано партиясын Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның классикалық вокал бөлімінің көркемдік жетекшісі, мәдениет саласының үздігі Роза Шотқалиева орындады.

ҰСТАЗ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Райымбек батыр атындағы №50 мектеп-лицейдің бастауыш сынып мұғалімі Айгүл Ержанова Мысырда пауэрлифтинг спортынан өткен ашық әлем чемпионатында екі алтын медаль иеленді.

23 мемлекеттен 2000-ға жуық спортшы қатысқан жарыста елордалық ұстаз зілтемірді жерден іліп тік көтеру сайысында 100 келіні оңай бағындырып, рекорд тіркеді. Айгүл Ержанова спорттың бұл түрімен 52 жасында кәсіби тұрғыда айналыса бастаған. Ал оған дейін қол күреспен, жеңіл атлетикамен айналысқан.

– Қазақстан бұл жарысқа бірінші рет қатысып отырған соң, мені ұйымдастырушылар басында қытайлық деп ойлапты. Кейін рекорд орнатқанымда, Қазақстаннан келгенімді біліп, құрмет көрсетті, – дейді чемпион.

Айта кетейік, астаналық мұғалім былтыр «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын алған. Ал бапкері – өзінің інісі Айбар Ержанов. Ол ауыр атлетикадан әлем чемпионаты, Азия, Еуропа біріншіліктерінде жеңіске жеткен.



Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 16
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**

ASTANA AQSHAMY